SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAQ-UNI.KZ

№61 (9039)

СЕНБІ
20 тамыз, 2022 жыл

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

**Аудандық қоғамдық кеңесте**

# Кеңестің кезекті мәжілісі өтті

Сәрсенбінің сәтті күні Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі өтті.

Қоғамдық кеңестің күн тәртібіне сай «Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстары және алдағы оқу жылына дайындық жұмыстары туралы» есебі мен «Созақ ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің «2022 жылдың 7 айында атқарылған жұмыстары туралы» бөлім басшыларының есептері тыңдалды. Алдын ала аудандық басылымда жариялаған хабарландыруға сәйкес Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің «2022 жылдың 7 айында атқарылған жұмыстары туралы»



есебіде тыңдалуы керек еді. Бөлім басшысының іс сапарға кетуіне, яғни, себепті жағдайға байланысты бөлімнің есебі кейінгі уақыттарға шегерілді. Кезекті мәжілісті аудандық қоғамдық Кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлы жүргізді. Сонымен қатар, мәжіліске аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет Биимбетұлы Байғараев та қатысып отырды. Есеп берген бөлім басшыларына қоғамдық кеңес мүшелері халықтың, һәм өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдары мен сұрақтарын қойып, ол саулдарына тиісінше жауаптар алды. Қоғамдық кеңес мінберінде айтылып, қаралып, екшеліп жатқан өзекті мәселелердің барлығы елдің ортақ тірлігі болғандықтан қашанда аузбіршілік пен ынтымақтың, бірлесе жұмыс жасаудың аса қажеттігін ұғынған кеңес мүшелері бәтуәлі де байыпты бастамалардың басынан табылатынына сенімідіміз. Кеңестің кезекті мәжілісінде кеңес мүшелері А.Нысанбаев, С.Жанұзақов, Б.Саржан, Т.Жұмақов, Т.Бекқұлиевтер өздерінің ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді дауысқа салып, қоғамдық кеңес біраувыздан тиісінше қаулылар қабылдады.

***Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.***



# Мемлекет басшысы «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасын қабылдады

**Мемлекет басшысы «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz.**

Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің қорытындылары мен агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалды.

Президентке берілген мәліметтерге сәйкес ірі бизнесті қаржыландыруға 143 миллиард теңге, шағын және орта бизнеске 510 миллиард теңге, агроөнеркәсіп кешеніне 241,3 миллиард теңге жұмсалған. Холдингтің қолдауымен жеке құрылыс салушылар жалпы ауданы 759 мың шаршы метр үйді пайдалануға берді. Жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу арқылы ауданы 56 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, қолданысқа берілді. Бұл ретте 39 мың отбасы, соның ішінде 7,2 мың кезекте тұрған азаматтар жеңілдігі бар ипотекамен тұрғын үй сатып алды.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында холдинг «Жасыл Даму» АҚ қаражаты есебінен отандық ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасына қатысуға өтініштер қабылдай бастады. Жеке тұрғын үй қорының жалдау ақысын субсидиялау тетігі енгізілді.

Одан бөлек Қанат Шарлапаев ұсынған ақпаратқа сәйкес 2022 жылы холдингтің қолдау көрсетуімен 2 миллион шаршы метр тұрғын үй немесе 29,6 мың пәтер пайдалануға беріледі. Жалпы, аталған шаралар 250 мың адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Қанат Шарлапаевқа бизнесті дамытуды жақсарту және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

***«Егемен Қазақстан» газетінен.***

# Ұлттық қорға 3,4 трлн теңге түсті

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов мұнай бағасының едәуір өсуінен Ұлттық қорға түсімдер көбейгенін айтты, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Жалпы халықаралық резервтер биылғы шілденің соңында 85,9 млрд доллар, оның ішінде ҚР Ұлттық банкінің алтын-валюта активтері – 32,8 млрд доллар, Ұлттық қордың активтері – 53,1 млрд доллар болды. Республикалық бюджетке 3 трлн теңге трансферт бөлу үшін биылғы 7 айда Ұлттық қордың валюталық активтері 3,3 млрд долларға сатылды. Мұнай бағасының едәуір өсуінен Ұлттық қорға түсімдер жыл басынан бері шамамен 3,5 есеге ұлғайып, 3,4 трлн теңге болды», деді Ақылжан Баймағамбетов Үкімет отырысында.

Оның айтуынша, Ұлттық қордың орташа жылдық кірісі құрылғаннан бастап биылғы шілдеге дейін – 3,17%, соңғы 5 және 10 жылда тиісінше, 1,70% және 1,67%.

***«Егемен Қазақстан» газетінен.***




# Сауапты іске асығыңыздар!

Елімізде жүріп жатқан «Мектепке жол» республикалық акциясына Созақ ауданында тұратын жеке азаматтарды, кәсіпкерлерді, қолы ашық жомарт жандарды жағдайы төмен отбасылардың мектеп жасындағы балаларын мектеп жабдықтарымен, мектепке киетін киім-кешектермен қамтамасыз ету мақсатында аталмыш акцияға белсенділік танытуға шақырамыз!

Игі сауапты іске ат салысқан, ат салысуға ниетті азаматтарға алдын ала алғыс білдіреміз!

***Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі.***

## ХАБАРЛАНДЫРУ

*Құрметті аудан тұрғындары!*

***2022 жылы 23 тамызда сағат 10.00-12.00*** *аралығында Созақ аудандық сотының ғимаратында сот төрағасы А.С.Дәуренбековпен «Ашық есік күні» өткізілетіндігін хабарлаймыз.*

*Аталмыш шара халыққа құқықтық көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылады.*

*Жеке қабылдауға қатысты мәліметтерді мына мекен-жайға хабарласып білуге болады: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №19, байланыс телефоны: 4-15-48.*

***Созақ аудандық соты.***

# Іргелі бастаулардың ілкімді ұйытқысы

Мемлекетіміздің мәртебелі мерекесі-Конституция күні. Бұл мерекенің түп қазығы 1991 жылы 16 желтоқсанда тұңғыш рет ел дербестігінің негізі қаланып, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңынан бастау алып, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялады. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда ел дербестігінің негізін қалаған құжат ретінде қабылданды.

Бұл еліміздің тәуелсіздігі тарихындағы жаңа белестерді ашқан тарихи күн болды. Бүгінде Қазақстанның әлем қауымдастығы алдындағы абыройы биік, мәртебесі жоғары. Осы Тәуелсіздігіміздің 31 жылы ішінде мемлекеттілігіміз орнығып, ұлы жетістіктерге негіз болатын заңдық база, қуатты атқарушы билік сатысы, нормативтік жүйе қалыптасып, реформаларды жеделдетудің құқықтық-саяси негізі қаланды. Егеменді еліміздің тарихында қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресі, азаттыққа ұмтылған қайсарлығы, арманы мен алдан күткен мол мұраты бар. Себебі, небір зұлмат замандарды басынан өткеріп, жаңа мыңжылдық есігін қолындағы көкбайрағымен, бай әдебиет-мәдениетімен, бабалар қалыптастырып кеткен сан салалы салт-дәстүрлерімен, көк күмбезіне қалықтаған әуезді әнұранымен ашқан, еңсесін тіктеп, көкжиегін кеңейткен халқымыз бүгінде дүниежүзілік қауымдастықтың ең беделді серіктестігіне айналды. Бұл ретте Қазақстан 1992 жылдан бері БҰҰ-ның толық құқылы мүше екенін, Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымы, ЮНЕСКО сияқты 70-ке жуық халықаралық ұйымдарда өкілдігі бар абыройлы елге айналды

Қазақстанды қазір бүкіл әлем жұрты этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастықтың бірден бір үлгісін жасаушы мемлекет ретінде таниды. Мемлекетіміздің жаңа мемлекет қалыптастырудағы айқын жоба-жоспарға түзілген стратегиялық қадамдарының қаншалықты маңызды екені күн өткен сайын нақтылана түсуде. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өсіп-өркендеуі үшін ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» стартегиялық бағдарламасы қабылданып алдағы бағыт-бағдары белгіленді.

Тәуелсіздік жылдары айшықты Астанамыздың Сарыарқа төсінен орын алуы, халқымызға күш-қуат, ынтымақ пен бірліктің рухын құйғандай. Осы жылдар ішінде халқымыздың мәдениетінің, өнері мен тарихының қайта дамуына тың серпін берген «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуы, республикалық референдумда қабылданған Ата заңымыз- Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің ойдағыдай дамуының құқықтық ірге тасы болып табылуы, төл теңгеміздің айналымға түсуі, Қарулы Күштеріміздің жасақталуы, қасіретті зардап ошағы Семей ядролық полигонының жабылуы, Әнұранымыздың шалқып, Көк туымыздың желбіреуі, шекарамыздың нықталуы мен бірге ел мерейінің жарқырай жануы, әлем елдері дәстүрлі дін өкілдерінің бас қосуын өткізуі, дағдарыс шарпуынан сақтану мақсатында дүниежүзілік экономикалық форумның өтуі, Ислам конференциясына төрағалық етуі, «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің біздің мемлекетімізде өткізу құқығын жеңіп алуы теңдесіз істің телегей жемісі.

Барша халықтың, ұлттар мен ұлыстардың басын біріктірген Қазақстан Халқы Ассамблеясы зор қызмет атқаруда. Көптеген ұлт пен ұлыстың өкілдері мекен еткен Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын, бағыты айқын. Соның айғағындай, түрлі ынтымақтастық пен ауызбіршілікті үндеген мерекелер мен шараларды атап өтуде дәстүрге айналдырудамыз.

Ынтымағымыз бен бірлігіміздің жемісіндей өзге мемлекеттерде болып жатқан қақтығыстар бізде орын алған жоқ. Біз ең алдымен ұлттық келісімге арқа сүйей отырып, тұрақты экономикалық өсуге, халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға қол жеткізудеміз.

Қарағұр ауылының әлеуметтік-экономикалық өрлеу бағыты еліміздің ертеңіне деген сенімін еселей түсуде. Тәуелсіздігіміздің берген тәтті жемісі саналатын ынтымағымыз бен татулығымыздың, бірлігіміз бен берекелі тірлігіміздің ұйытқысы- Ата заңымыздың мерейлі мерекесі барша азаматтарға тек жақсылықпен қуаныштар әкелсін!

***Ордабек ЖӘМИЕВ,***
***Қарағұр ауылының әкімі.***

# Жүйелі жоспар жалпыға ортақ






Ауыл тұрғындарына ең төменгі 2,5%-бен 1 триллион теңге несие таратылады. Халықтың тұрмысын көтеруді көздейтін мемлекеттік бағдарламаға сай 7 млн теңгеге дейінгі несие 7 жылға арналған. Ал кепіл ретінде елді-мекендегі барлық үй жарайды. Әрі банктегідей емес (банкте 50%), баспана құнының 80%-на дейін есептеледі. Қаражат қолға тиген соң алғашқыда 1,5 жылға дейін демалыс алуға толық мүмкіндік бар. Несиені ай сайын емес, тоқсанына немесе жарты жылда бір рет жабуға да болады. "Бармақ басты" жағдайларға жол берілмеуі үшін барлық ауыл округтерінде құжат қабылдау барысында елағаларынан, билер мен партия белсенділерінен комиссиялар құру көзделуде. Банктерге бағынышты болмауы үшін бұл қаражат өңірімізде "Түркістан" ӘКК-і арқылы тарату ұсынылуда.

Президенттің бастамасы бойынша 2023 жылы іске асатын жобаның шарттарын түсіндіру үшін "Amanat" партиясы жанынан құрылған арнайы топ елордадан облысқа келіп, халықпен кездесулерге кірісті. Түркістан облысында 11 тамыз күні басталған ақпараттық-насихат 8 ауданда, қалада өтті. Мобильді топ 16 ауылды аралап, кеше Бәйдібек және Сайрам аудандарына жолымыз түсті. Ақсукент пен Қарабұлақта 700-ге жуық адам жиналды.

Бір күнде 4 ауылды қамтыған мобильді топқа ұсыныс-пікірлер айтылып қана қоймай, қызығушылық білдіргендер жеке консультация алып үлгеруде. Жаттанды, қасаң сөздерді қолданбай, кеңесшілер ойларын түсінікті тілде жеткізуде. Көптің талқылауындағы несие мөлшері, каникул ережесін ұзарту, кепілдік, кәсіп түрін таңдау, өндірістік кооперативтер құру, мал бордақылау, жылыжайлар ашу, субсидия, лизингке техника алу тағы да басқа сұрақтар жауапсыз қалмады.



Мал және егін шаруашылығына 7 жыл, ал жеңіл өнеркәсіпке 5 жылдан беріледі. Мұндай төмен пайыз тарихта болмаған.

Жоба 3 жыл бұрын Жамбыл облысының 11 ауданда пилоттық негізде тәжірибеден өткен. Нәтижесі оң. Халықтың кәсіпке ынтасы оянып, жаңа жұмыс орындары ашылған. Бастапқыда азаматтар сенімсіздік танытыпты. Үйді-үйді аралау, насихаттың дұрыс жүргізілуі, нақты ақпараттардың жеткізілуінің арқасында жұмыссыздар мен АӘК алушылардың саны азайған.

Өз шаруасын дөңгелеткен тұрғындардың 98%-ы берешекті толық өтепті. 36%-ы екі жылдың ішінде қарызды түгел жапқан. Небәрі 2 жыл ішінде осындай көрсеткішке ие болған "жамбылдықтар" тіпті несие тарихында кешігу процессін бастан өткермепті. Мұнан бөлек салық та көбейген. Қазір олар жобаның басталуын күтіп, ынталанып жүр. Міне тәуекел, сенім, құлшыныс, еңбек. Бұл аграрлы және кәсіпке бейім біздің облыс тұрғындары үшін де таптырмас әрі тиімді жоба. Мобильді топ айтарлықтай жаңалықтарымен бөлісіп келеді. Жобаны алдын ала таныстырып, халықтың пікірімен санасып, ертерек қамдануға шақыру ауыл адамдарына деген жанашырлық, үлкен көмек. Ауылдың әлеуметтік-экономикасының дамуына өзгеріс әкелетіні анық. Өйткені несиелендіру қалаға емес тек ауылға бағытталуда.

Ең қызығы, жаңа бағдарламада 5 АЕК көлемінде жарна төлеп-ақ кооператив құруға мүмкіндік туып отыр. Бұған дейін жылжымайтын мүлік қою міндеттелген. Сарапшылардың бірі қызықты оқиғамен бөлісті. Сүт өнімдерін базарға тасып саудалайтын тұрғындарға ұтымды кеңес айтылған екен. Демалыс орындарының сұранысы күнделікті 30 литр сүт-айран жеткізу болған. Осы ұсынысты азаматтарға айтылса, талапты орындауға кейбір тұрғын қауқарсыз деген жауап алады. Ал кооператив құрылса бірінің орнын бірі алмастырып, түрлі кедергілерден оңай өте алады. Бұрынғы бағдарламаларда біріккен мүшелер бір-бірінің несиесіне жауапты болып қарызын өтемеген кәсіпкердің салдарынан кейінгілерінің шоты жабылып отырған. Ал "Ауыл аманаты" жобасында әр азамат жауапкершілікті тек өзі арқалайды.

Жасыратыны жоқ цифрлы заманда өмір сүрсек те, кейбір жағдайда бір қағаздың соңынан сенделіп, уақыттан ұтылатын кезіміз болады. Сайып келгенде тағы да жаңа үкімнің артықшылығына тоқталмақпын. Мәселен, банктен несие алу барысында 30-дан астам құжат түрі рәсімделсе, "Ауыл аманаты" жобасына 12 құжат қана тіркеледі. Тіпті оны онлайн қабылдау да қарастырылуда.

Халық құжаттарын кімге өткізерін білмей, сабылмауы үшін ескерткен жөн, алдымен ауылдарда скрининг өтеді. Ол дегеніміз ауылға керекті кәсіп түрлеріне талдау жасалады. Оны кім жасайды? Әрине ауыл әкімінің тікелей міндеті. Ал халық тарапы өз ұсыныстарын жеткізуі керек. Сұранысқа сай басымдық алған бизнеске қаржы бөлінеді. Кейінгі этап, жауапты тұлғалардың ауылдарға барып өздері құжаттарды қабылдайды. Әрі қарай комиссия анықтаған соң, ауыл тұрғындары облыс орталығына тек құжатты заңдастыру үшін ғана барады. Алгоритм әзірленгенде толығырақ танысасыздар. "Бармақ басты" болмау үшін ауылдарда партияластармен комиссия құрылып, жағдайды бақылауда ұстайтын боламыз.

Аталған жоба аясында облыстың 181 ауылдық округ әкімдері семинар-кеңеске қатысып, 3 күн бойы ауыл скринингі, маркетингтік талдау жүргізу, елді мекен экономикасын дамыту, сондай-ақ бизнес-жобаларды іске асырудың практикалық дағдыларын меңгерді. Енді бағдарламаны таныстыру мақсатында 19 тамызға дейін жалпы 32 ауыл және ауылдық округті қамту жоспарлануда.

***БЕЙСЕН ТӘЖІБАЕВ,***
***«AMANAT» партиясы***
***Түркістан облыстық филиалының Атқарушы хатшысы,***
***Фракция жетекшісі.***

# ҚОРҒАНШЫЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУ БОЛАДЫ

Аудан көлемінен зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі орталықтарды ашу туралы Түркістан облысы ПД-нен 2022 жылдың 12 шілдесіндегі жіберген хатына сәйкес, әйелдер мен балаларға қамқорлық жасау біздің еліміздің мемлекеттік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Мемлекет отбасын, оның ұйымдастырылуы мен беделін мемлекет пен халықтың өркендеуі үшін таптырмас әлеуметтік тәртіптің қажетті негізі ретінде қорғауға кепіл береді.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында



отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелеріне ерекше көңіл бөлді және оның құрбандарына қолдау көрсету жөнінде тиімді шаралар қабылдауды тапсырды. Созақ аудандық полиция бөлімінің тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі Ербол Оралбаевтың ұйымдастыруымен мен Созақ ауданы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясымен бірлесіп дөңгелек стол ұйымдастырылды. Дөңгелек столда Созақ ауданы орталықтарында Сексуалдық зорлық-зомбылық, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық зардап шеккен әйелдер мен балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі құрбандарына медициналық, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсететін дағдарыс орталықтарын ашуға стандартқа сәйкес келетін арнайы ғимараттарды бөлу жайлы сөз болды. Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапова өзінің баяндамасында Созақ аудандық полиция бөлімінің статистикасына сүйенсек, 2022 жылдың 7 ай мерзімінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар 111 әйелдерге қарсы күш қолдану жәйтері тіркелінген. Зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдердің көбісі оқымайтын және жұмыссыздар саналады.2022 жылы 10 наурыз айында Созақ аудан көлемінде Түркістан қаласына ТОО «Сенім ай» орталығына 2- отбасыжатқызылды.Пилоттық жоба бойынша Сексуалдық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жәбірленушілерді полиция ғимараттарына жеткізуге жол бермеу қажет, себебі олар психологиялық жәбір көрген, онда басқа қылмыспен өтіп жатқан күдіктілерді көріп психикасына одан әрі зақым келуі мүмкін. Сондықтан жәбірленушілерге қатысты тергеу әрекеттері дағдарыс орталығында басталып, сонда аяқталу қажет. Қазіргі таңда Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында аталған жобаны Түркістан облысының барлық қала, аудан орталықтарынан дағдарыс орталықтарын ашуға жұмыстар жасалуда.Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін тиімді шаралар қолдану және Министрдің нұсқауын мүлтіксіз орындау мақсатында, Созақ ауданында да сексуалдық зорлық-зомбылық, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық зардап шеккен әйелдер мен балаларға кешенді көмек көрсету жөніндегі құрбандарына медициналық, әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсететін дағдарыс орталықтарын ашуға стандартқа сәйкес келетін арнайы ғимараттар қарастыруда.

Аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлы аталмыш комиссияның кезекті отырысында сексуалдық зорлық-зомбылықпен күресу және зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсету қажеттілігін баса айтты. Ауданы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелеріне зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға кешенді көмек көрсету туралынақты тапсырмалар берді.

***Айжан МАНАПОВА,***
***Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры.***

Тамыз айының 4 күні аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында игерілмей жатқан ауыл шаруашылық жерлерін мемлекетке қайтару жөнінде алқалы жиын өтті. Жиынға облыстық жер инспекциясының басшысы Мырзабаев Алтынбек және инспекторлар: Жетпіс Бекжан мен Қадиев Бақдәулет, аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, ауыл әкімдері мен шаруа қожалықтардың төрағалары және БАҚ өкілдері арнайы қатысты. Ауылшаруашылығы жерлерінің



# Игерілмеген жер негізгі иесіне, мемлекетке қайтарылуы тиіс

игерілмей жатқанын мемлекетке қайтаруға арналған шараны Ақәділ Болатұлы сөз сөйлеп ашты және жүргізіп отырды. Алғашқы болып сөз алған облыстық жер инспекциясының басшысы бүй деді: «Жалпы, еліміз бойынша Президенттің тапсырмасымен 5 млн га жерді мемлекетке қайтару жұмыстары жүріп жатыр. Ал, Түркістан облысы бойынша 1 млн, Созақ ауданы бойынша 336 мың гектар игерілмей жатқан жерді қайтаруды жоспарлап отырмыз. Ал енді, облыс және сіздердің аудандарыңыз бойынша қайтарылуы тиіс жерлерді «Green Point» платформасы бойынмемлекетке қайтарылады. Сондай-ақ, суармалы егістік жерлерді де бас- салып мемлекетке қайтара бермейміз. Олай дейтінім, мысалға бір егістікпен айналысатын шаруаның 20 га жері бар болса, ол оның 10 гектарына ғана егіс егіп, қалғанын тыңайту мақсатында демалдыруы мүмкін. Демек, мемлекеттің жерін түгендеуде бұл жағдай да ескеріледі. Сол үшін жергілікті шаруа қожалық иелері мейлі мал ұстасын, мейлі егін ексін жоғарыда көрсетілген талаптарды орындауы тиіс. Өйтпеген жағдайда, бұдан былай мақсатты түрде пайдаланылмай жатқан бос немесе артық жерлер салықтың көлемі де бірнеше есеге өспек. Демек, сол жерлерді алып алып, игермей отырған шаруалар мұны да ескергендері тиіс».

Осы ретте, әңгімеге Созақ ауданының әкімінің орынбасары А.Сатыбалды араласып: «Шынында, күні бүгінге дейін біз шаруаларға жалпақ шешейлік танытып, қатаң шаралар қолданбай келдік. Бұдан былай олай болмайды, бәрі заңның аясында шешілетін болады. Иеліктеріңіздегі жерлерді мақсатты жағдайда пайдаланбайды екенсіздер, онда сол игерілмеген жерлерді қайтаруға мәжбүрміз. Кейде, шаруалар игерілмеген жерлеріне судың жоқтығын ай-



ша анықтап отырмыз. Әрине, ойбай жерді мемлекетке қайтару керек екен деп бассап шаруа қожалықтардың жерлеріне қол салу ниетіміз жоқ. Керісінше, әуелі шаруаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп: «МемАкті» де көрсетілген жерлеріңізді мүмкіндіктер жаратып, мақсатты түрде пайдаланыңыздар! Егер, өздеріңізге тиесілі жерді тиімді пайдаланбайтын болсаңыздар ғана қайтарылады. Мәселен, жайылымдық жерлер шаруаларға қорасындағы мал басына орай беріледі. Ол үшін ең алдымен шаруаның иелігіндегі малдар толықтай сырғалануы тиіс, себебі, сонда ғана жергілікті әкімшіліктер жайылымдық жер алуға ниет білдірген шаруа қожалықтардың төрт түлік малының санын толықтай біле алады. Ал енді, алынған жайылымдық жер мен әу баста көрсетілген мал санының арасында алшақтық болып жатса, бұл жағдайда да артық жер автоматты түрде мемлекетке қайтарылатынын ескертеміз. Сосын, мынадай жағдайлар да көп кездесуде, мәселен кезінде түрлі деңгейдегі мемқызметтерде болған шенеуніктер қолдарында билік тұрғанда аудан және ауылдардың ең шұрайлы жерлерін жақындарының атына рәсімдеп алып алған. Қазіргі таңда сондай жерлердің де мақсатты түрде игерілмей отырған фактілері көптеп кездесуде. Міне, осындай жерлерді де анықтап, қайтарамыз. Өйткені, заң бәріне ортақ. Сондықтан да ауыл әкімдері мен жер мамандары өз әкімшіліктеріне қарасты шаруа қожалық иелерінің арасында түсіндірме жұмыстарын көптеп жүргізулері қажет. Біз де, облыстық жер инспекциясының жанынан арнайы жер комиссиясын жасақтап, өңірлерге шығатын боламыз. Тағы бір ескертетін жәйт, келесі жылдан бастап ауыл шаруашылығы жерлеріне салынатын тып ақталады. Білісіздер, бұл сылтау емес. Әу баста егіс егемін, сумен де қамтамасыз етемін дедіңіз ба, демек, бос сылтауды қойып, жұмыс істеңіздер! Егер, каналдың суы жетпей жатса, тамшылатып немесе жаңбырлатып суаруға әрекет етіңіздер!».

Мұнан әрі жиын сұрақ- жауап түрінде өрбіді. Жиынға келген ауыл әкімдері мен жер мамандары және шаруа қожалықтардың басшылары облыстық жер инспекциясының басшысын көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, тұщымды жауаптарын ала білді. Сонымен, сағатқа созылған жиын өз мәресіне жетті. Менің байқағаным, бұл жиын жерді мемлекетке қайтару жөніндегі жиындардың соңы емес. Аман болсақ, игерілмеген жер жөніндегі талай жиындардың куәсі болатын сияқтымыз. Әйтеуір, соңы қайырлы болсын!

***Данияр БЕК.***

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №107 ШЕШІМІ**
Шолаққорған ауылы 19 тамыз 2022 жыл

# Созақ ауданы, Таукент кенті әкімінің сайлауы бойынша сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданы, Таукент кенті әкімін сайлау үшін Таукент кентінің шекарасы аумағында Таукент сайлау округі құрылсын.
2. Сайлау округінің шекарасы мен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері аудандық «Sozaq uni» газетінде және Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет сайтында жариялансын.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы** **Ә.Сахиұлы**

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы** **Р.Оспанов**

* * *

**РЕШЕНИЕ №107**
**Созакской районной избирательной комиссии**
село Шолаккорган 19 августа 2022 года

# Об образовании избирательного округа по выборам акима поселка Таукент Созакского района

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4 статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Созакская районная территориальная избирательная комиссия **РЕШИЛА:**

1.Образовать избирательный округ по выборам акима поселка Таукент Созакского района:

2.Опубликовать в интернет-странице Созакской районной избирательной комиссии и в районной газете «Sozaq uni», границы избирательного округа и местонахождения территориальной избирательной комиссии.

**Председатель Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **Ә.Сахиұлы**

**Секретарь Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **Р.Оспанов**

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының №108 ШЕШІМІ**
Шолаққорған ауылы 19 тамыз 2022 жыл

# Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес, Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің сайлауы 2022 жылдың 18 қыркүйекке тағайындалсын.
2. 2022 жылдың 18 қыркүйекке тағайындалған Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет сайтында және аудандық «Sozaq uni» газетінде жариялансын.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы** **Ә.Сахиұлы**
**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы** **Р.Оспанов**

* * *

**РЕШЕНИЕ №108**
**Созакской районной территориальной избирательной комиссии**
село Шолаккорган 19 августа 2022 года

# О назначении выбора акима поселка Таукент Созакского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Созакская районная территориальная избирательная комиссия **РЕШИЛА:**

1.Назначить на 18 сентября 2022 года выборы акима поселка Таукент Созакского района.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима поселка Таукент Созакского района, назначенных на 18 сентября 2022 года, согласно приложению к настоящему решению.

3. Опубликовать настоящее решение на интернет-странице территориальной избирательной комиссии Созакского района и в районной газете «Sozaq uni».

**Председатель Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **Ә.Сахиұлы**
**Секретарь Созакской районной территориальной избирательной комиссии** **Р.Оспанов**

*Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 19тамыздағы №_108_шешіміне қосымша*

# 2022 жылдың 18қыркүйекке тағайындалған Созақ ауданы Таукент кенті әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

1. Аудандағы кент әкімінің (бұдан әрі – әкімінің) сайлауын тағайындау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде қырық күн бұрын (113-1-б.2,3-т.)
2. Сайлау округінің тізімін, олардың шекаралары мен аумақтық сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсете отырып, тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен – 2022 жылдың 29 тамыздан кешіктірмей (22-б.)
3. Аумақтық сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он күннен - 2022 жылдың 29 тамыздан кешіктірмей (13-б. 4-т.)
4. Учаскелік сайлау комиссияларының құрамын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күннен – 2022 жылдың 3 қыркүйектен кешіктірмей (17-б. 2-т.)
5. Сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
   Тиісті әкімдер. Сайлау тағайындалғаннан кейін он бес күндік мерзімде, 2022 жылдың 3 қыркүйектен кешіктірмей (23-б. 5-т.)

6.Әкімдікке кандидаттар ұсыну
   Белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар және өзін-өзі ұсыну тәртібімен азаматтар. Егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау тағайындалған күннен кейінгі күннен – 2022 жылдың 20 тамызынан басталады және сайлау өткізілетін күнге он бес күн қалғанда 2022 жылдың 2қыркүйек күні жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады. (113-3-б.1-т.)

7. Әкімдікке кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық Заң), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы (4-б.,113-5-б., 11-т.2-тт.)
8. Әкімдікке кандидаттардың сенім білдірген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Әкімдікке кандидаттың Сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сәйкестігі анықталған күннен бастап (14-б. 8-1) т., 31-б.)
9. Әкімдікке кандидаттарға өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған, қолдап қол жинау үшін қол қою парақтарын беру
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Кандидаттың Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында және мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін үш күндік мерзімде (113-4-б.)
10. Әкімдікке кандидаттарды қолдап жиналған қолдардың дұрыстығын тексеру және тиісті хаттаманы ресімдеу
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы паспорт қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып. Қол қою парақтары аудандық аумақтық сайлау комиссиясына тапсырылғаннан кейін үш күндік мерзімде (113-4-б. 7-т.)
11. Жергілікті аткарушы органдардың шотына республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі
    Әкімдікке кандидатттар, саяси партиялар (әрбір ұсынылған кандидат үшін) Кандидат тіркелгенге дейін (113-5-б. 2-т.)
12. Тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына ұсыну мерзімі басталған айдың бірінші күніне активтер мен міндеттемелер туралы декларацияларды ұсыну (2022 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша)
    Кандидат пен оның жұбайы (зайыбы).
    Партиялық тізім тіркелгенге дейін (113-5-б. 3-т.)
13. Кандидат және оның жұбайы (зайыбы) декларациялаған активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру
    Мемлекеттік кіріс органдары
    Кандидат тіркелген күннен бастап бес күн ішінде (113-5-б. 4-т.)
14. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күнінен он күн бұрын – 2022 жылдың 7қыркүйек күні жергілікті уақытпен сағат он сегізде аяқталады (113-5-б.)

5. Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
   Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
   Кандидаттар тіркелгеннен кейін бесінші күннен кешіктірмей (113-5-б. 9-т.)

16. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және оларды жарақтандыру
    Жергілікті атқарушы органдар және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Үгіт басталғанға дейін (28-б. 6-т.)
17. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу
    Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау болатын күннің алдындағы күні – 2022 жылдың 16 қыркүйек күні жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады (27-б. 2-т.)
18. Әкімдікке кандидаттарға сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жайлар беру, кандидаттарменолардың сенім білдірген адамдарының бөлінген үй-жайларда сайлаушылармен кездесу кестесін жасау және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
    Жергілікті атқарушы органдар және аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде (28-б. 4-т.)
19. Әрбір сайлау учаскесі бойынша әкім қол қойған сайлаушылардың тізімдерін сайлау комиссиясына акт бойынша ұсыну
    Тиісті әкімдер. Дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын– 2022 жылдың 29 тамызына (24-б. 5-т.)
20. Сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдерін танысу үшін сайлаушыларға ұсыну
    Учаскелік сайлау комиссиялары
    Дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда – 2022 жылдың 3 қыркүйекке (26-б. 1-т.)
21. Сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабардар ету
    Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс беру өткізілетін күнге дейінгі он күннен – 2022 жылдың 7 қыркүйектен кешіктірмей (18-б. 5) т., 38-б. 2-т.)
22. Дауыс беруге арналған сайлау бюллетеньдерін учаскелік сайлау комиссияларына жеткізу
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
    Ерте дегенде үш күн бұрын және сайлаудан кемінде бір күн бұрын–2022 жылдың 15 қыркүйектен бастап 17 қыркүйектен кешіктірмей (37-б. 3-т.)
23. Дауыс беруге арналған сайлау учаскелерін ашу және тиісті хаттама жасау
    Учаскелік сайлау комиссиялары. Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда 2022 жылдың 18 қыркүйек күні сағат 06:00-де (40-б. 1-т.)
24. Дауыс беруді өткізу
    Учаскелік сайлау комиссиялары
    Сайлау күні, 2022 жылдың 18 қыркүйек күні жергілікті уақыт бойынша сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін (38-б. 1-т.)
25. Дауыстарды санау және сайлау учаскесінде әкімсайлауы бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар жасау
    Учаскелік сайлау комиссиялары. 2022 жылдың 18 қыркүйек күні жергілікті уақыт бойынша сағат 20:00-де басталады. (18-б. 8) т., 43-б.)
26. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін сайлау учаскесінің үй-жайында жалпыжұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға ілу
    Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаларға қол қойылғаннан кейін – дереу (43-б. 8-т.)
27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды тиісті аудандық аумақтық сайлау комиссиясына ұсыну
    Учаскелік сайлау комиссиялары. Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – дереу (113-8-б. 1-т.)
28. Әкім сайлауының қорытындыларын белгілеу
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен – 2022 жылдың 20 қыркүйектен кешіктірмей (113-10-б.)
29. Әкімдерді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен – 2022 жылдың 21 қыркүйектен кешіктірмей (44-б.)
30. Сайланған әкімдерді тіркеу, тиісті куәліктер беру
    Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы. Сайлау өткізілген күннен бастапжеті күн мерзімде - 2022 жылдың 24 қыркүйектен кешіктірмей
    Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін (45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т)

***Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.***

*Утвержден к решению*
*Созакской районной*
*территориальной*
*избирательной комиссии*
*от 19 августа 2022 года №108*

# Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимапоселка Таукент Созакского района назначенного на 18 сентября 2022 года

1. Назначение выборов акима поселка (далее – акима) района
Территориальная избирательная комиссия. Не менее чем за40 дней до истечения срока полномочий акима (п.2,3ст.113-1)
2. Опубликование в соответствующих средствах массовой информации списка избирательных округа с указанием их границ и мест нахождения территориальных избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – 29 августа 2022 года ( ст.22)
3. Опубликование в средствах массовой информации состава территориальных избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через десять дней после назначения выборов – 29 августа 2022 года (п.4 ст.13)
4. Опубликование в средствах массовой информации состава участковых избирательных комиссий
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем через пятнадцать дней после назначения выборов – 3 сентября 2022 года (п. 2 ст.17)
5. Опубликование в средствах массовой информации сведений о границах избирательных участков
Соответствующие акимы. В пятнадцатидневный срок после назначения выборов – 3 сентября 2022 года. (п. 5 ст. 23)
6. Выдвижение кандидатов в акимы
Политические партии, зарегистрированные в установленном порядке и граждане в порядке самовыдвижения. Начинается со дня, следующего за днем назначения выборов – 20 августа 2022 года и заканчивается в восемнадцать часов по местному времени за пятнадцать дней до дня проведения выборов, если иное не установлено при назначении выборов – 2 сентября 2022 года (п.1 ст. 113-3)
7. Установление соответствия кандидата в акимы требованиям, предъявляемым к нему Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее - Конституционный закон о выборах), статьи 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы
Территориальная избирательная комиссия. (ст. 4, пп.2) п. 11ст.113-5)
8. Регистрация доверенных лиц кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений.
Территориальная избирательная комиссия. Со дня установления соответствия кандидата в акимы требованиям, предусмотренными Конституционным законом о выборах. (пп. 8-1) ст.14, ст. 31)
9. Выдача кандидатам в акимы, выдвинутых в порядке самовыдвижения, подписных листов для сбора подписей в поддержку
Территориальная избирательная комиссия. В трехдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям, предусмотренным Конституционным законом, статьей 36 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и законодательством в сфере государственной службы. (ст. 113-4)
10. Проверка достоверности собранных подписей в поддержку кандидатов в акимы и оформление соответствующего протокола
Территориальная избирательная комиссия с привлечением работников паспортных служб. В трехдневный срок после сдачи подписных листов в территориальная избирательной комиссии. (п. 7 ст. 113-4)
11. Внесение на счет местных исполнительных органов избирательного взноса в размере однократной минимальной заработной платы, устанавливаемой законом о республиканском бюджете и действующем на 1 января соответствующего финансового года
Кандидаты в акимы, политические партии (за каждого выдвинутого кандидата)
До регистрации кандидата. (п. 2 ст. 113-5)
12. Представление в органы государственных доходов по месту жительства декларации об активах и обязательствахна первое число месяца начала срока выдвижения (по состоянию на 1 августа 2022 года)
Кандидат и его (ее) супруга (супруг). До регистрации кандидата. (п. 3 ст. 113-5)
13. Проверка достоверности сведений об активах и обязательствах, задекларированных кандидатом и его (ее) супругой (супругом)
Органы государственных доходов. Втечение пяти дней со дня регистрации кандидата (п. 4 ст. 113-5)
14. Регистрация кандидатов в акимы и выдача им соответствующих удостоверений
Территориальная избирательная комиссия. Начинается после получения всех необходимых документов и заканчивается в18.00 часов по местному времени за десять дней до дня выборов – 7 сентября 2022 года (ст. 113-5)
15. Опубликование в средствах массовой информации сообщения о регистрации кандидатов в акимы
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем на пятый день после регистрации кандидатов (п. 9 ст. 113-5)
16. Определение мест для размещения агитационных печатных материалов и их оснащение
Местные исполнительные органы и территориальные избирательные комиссии
До начала агитации. (п. 6 ст. 28)
17. Проведение предвыборной агитации
Начинается с момента окончания срока регистрации кандидатов и заканчивается в ноль часов по местному времени дня, предшествующего дню выборов – 16 сентября 2022 года. (п. 2 ст. 27)
18. Предоставление кандидатам в акимы помещений для встреч с избирателями, составление и опубликование в средствах массовой информации графика встреч кандидатов и их доверенных лиц с избирателями в выделенных помещениях
Местные исполнительные органы и территориальные избирательные комиссии
В период проведения предвыборной агитации. (п. 4 ст. 28)
19. Представление по акту в избирательную комиссию списков избирателей, подписанных акимом по каждому избирательному участку
Соответствующие акимы. За двадцать дней до начала голосования – 29 августа 2022 года. (п. 5 ст. 24)
20. Представление избирателям для ознакомления списков избирателей по избирательным участкам
Участковые избирательные комиссии. За пятнадцать дней до дня голосования – 3 сентября 2022 года. (п. 1 ст. 26)
21. Оповещение избирателей о дне, времени и месте голосования
Участковые избирательные комиссии. Не позднее чем за десять дней до дня проведения голосования – 7 сентября 2022 года. (пп. 5) ст. 18, п. 2 ст. 38)
22. Доставка избирательных бюллетеней для голосования участковым избирательным комиссиям
Территориальная избирательная комиссия. Не ранее чем за три дня и позднее чемза один день до выборов – с15 сентября по 17 сентября 2022 года. (п. 3 ст. 37)
23. Открытие избирательных участков для голосования и составление соответствующего протокола
Участковые избирательные комиссии. За один час до начала голосования
В 06.00 часов по местному времени – 18 сентября 2022 года. (п. 1 ст. 40)
24. Проведение голосования
Участковые избирательные комиссии. В день выборов с 07.00 до 20.00 часов по местному времени–18 сентября 2022 года. (п. 1 ст. 38)
25. Подсчет голосов и составление протоколов о результатах голосования по выборам акима на избирательном участке
Участковые избирательные комиссии. Начинается в 20.00 часов по местному времени – 18 сентября 2022 года. (пп. 8) ст. 18, ст. 43)
26. Вывешивание копии протокола о результатах голосования в помещении избирательного участка в специально установленном месте для всеобщего ознакомления
Участковые избирательные комиссии. После подписания протоколов – немедленно. (п. 8 ст. 43)
27. Представление протоколов о результатах голосования на избирательных участках в соответствующие районные (городские) избирательные комиссии
Участковые избирательные комиссии. После подписания протокола – немедленно (п. 1 ст. 113-8)
28. Установление итогов выборов акима
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее чем в трехдневный срок после выборов – 20 сентября 2022 года (ст. 113-10)
29. Опубликование в средствах массовой информации сообщения об итогах выборов акимов
Территориальная избирательная комиссия. Не позднее четырехдневней со дня проведения выборов – 21 сентября 2022 года (ст.44)
30. Регистрация избранных акимов, выдача соответствующих удостоверений
Территориальная избирательная комиссия. В семидневный срок со дня проведения выборов – 24 сентября 2022 года. После получения от избранных акимов в семидневный срок письменного заявления о сложении с себя обязанностей, не совместимых в соответствии с Конституцией и Конституционным законом о выборах со статусом акима. (ст. 45, п. 3 ст. 46, п.1 ст. 113-11)

***Примечание: В тексте Календарного плана даются ссылки на нормы Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».***

## 2022 жылдың18 қыркүйекке тағайындалған Таукент кенті әкімініңтікелей сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері.

## Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

**(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301шешімімен бекітілген.)**

**Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.**

| Р/с | Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні, айы, жылы | Ұлты | Білімі, мамандығы | Жұмыс орны, атқаратын қызметі | Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сахиұлы Әбубәкір | 13.12.1953 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер | ”Ардагерлер ұйымы” Созақ аудандық филиалы” |
| 2 | Мыңжасар Асқаров | 17.02.1945 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер | ”AMANAT” партиясы” |
| 3 | Оспанов Руслан Әлиұлы | 07.08.1992 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы | ”SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы”” |
| 4 | Бабиев Аманкелды Абибуллаевич | 14.07.1973 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары | ”Ауыл” партиясы |
| 5 | Айдаров Нұралы Тұрдыұлы | 06.08.1977 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы | Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |
| 6 | Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич | 04.04.1960 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Жұбанов» атындағы саз мектебінің директоры | ”Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы” қоғамдық бірлестігі”” |
| 7 | Сармантаев Жетилген | 22.08.1954 | Қазақ | Жоғары | Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер | ”Ақжол” демократиялық партиясы |

| к/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы<br>Орналасқан жері<br>Елді мекені | Көше | Үй | Сайлау комиссиясының құрамы, қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 722 урк | Таукент учаскесі. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "І.Кенесбаев атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Таукент кенті | 1-ықшам аудан | 31 | Шарафудинов Суханберді Азимидінұлы-комиссия төрағасы<br>«AMANAT» партиясы,<br>Момбекова Салтанат Толегеновна-<br>комиссия орынбасары. "Ақжол" демократиялық партиясы<br>Асанова Набаткүл Санкибаевна -комиссия хатшысы<br>"ADAL" саяси партиясы" қоғамдық бірлестігі<br>Алимжанов Мурат Берікұлы-комиссия мүшесі<br>Қазақстан  Халықтық коммунистік партиясы<br>Рахимжанова Сәуле  Бейсенбековна-комиссия мүшесі<br>«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 6-тармағы негізінде<br>Дүйсенов Нұржан Қуанышұлы-комиссия мүшесі<br>"SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы"<br>Мейрбекова  Айгул Жаркынбековна -комиссия мүшесі<br>"Ауыл" партиясы<br>Кулмырзаева Гулдана Қажымұқанқызы -комиссия мүшесі<br>«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 6-тармағы негізінде<br>Әлжанов Мақсат Амангелдіұлы -комиссия мүшесі<br>«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 6-тармағы негізінде<br>Аманжолов Сафуан Мәдиұлы-комиссия мүшесі<br>«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 6-тармағы негізінде<br>Исатай Әлия Төленқызы -комиссия мүшесі<br>«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 19-бабының 6-тармағы негізінде |
| 2 | 723 урк | Жыныс учаскесі. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Таукент кенті | І.Кенесбаев | 136 | Дузенова Гулзат Ескараевна – Комиссия төрағасы<br>«AMANAT» партиясы<br>Абишов Нурлан Алтаевич – төраға орынбасары<br>"Ақжол" демократиялық партиясы<br>Есбергенов Сейлбек Бердибекович – комиссия хатшысы<br>"ADAL" саяси партиясы" қоғамдық бірлестігі<br>Аженов Болысбай Жарылкасынович– комиссия мүшесі<br>Қазақстан  Халықтық коммунистік партиясы<br>Үсенов Серихан Болысович - комиссия мүшесі<br>Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті<br>Молдабекова Набат Токтарбаевна - комиссия мүшесі<br>"Ауыл" партиясы<br>Жыныcбаев Нұржан Төребекұлы - комиссия мүшесі<br>"Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы" қоғамдық бірлестігі |
| 3 | 724 урк | Жыныс-1 учаскесі<br>Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Болашақ бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесі | Таукент кенті | І.Кенесбаев | 135 | Есмурзаев Ерлан Жаманбалаевич-комиссия төрағасы<br>«AMANAT» партиясы<br>Тажиева Сандуғаш Оразымбетқызы-комиссия орынбасары<br>"Ақжол" демократиялық партиясы<br>Алтыбаева Меруерт  Куанышбаевна -комиссия хатшысы<br>"ADAL" саяси партиясы" қоғамдық бірлестігі<br>Даутов Мәлік Орынбекұлы-комиссия мүшесі<br>Қазақстан  Халықтық коммунистік партиясы<br>Асетбеков Абзал Шекербекович-комиссия мүшесі<br>Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті |

## 2022 жылдың 18 қыркүйекке тағайындалған Таукент кентінің әкімін тікелей сайлауын өткізуге Созақ ауданының сайлау учаскелерінің орналасқан жерлері мен шекаралары

| Р/с | Сайлау учаскесінің нөмірі | Сайлау учаскесі орналасқан (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және мекен-жайы | Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы<br>Орналасқан жері<br>Елді мекені | Көше | Үй | Сайлау учаскесінің шекарасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 722 уск | Таукент учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | Таукент кенті | 1-ықшам аудан | 31 | Таукент кенті, № 1, № 2 ықшам аудандары, Е.Ерімбетов, Геологтар, Қ.Сәтпаев және Мыңжылқы көшелері |
| 2 | 723 уск | Жыныс учаскесі<br>«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. | Таукент кенті | І.Кеңесбаев | 136 | І.Кеңесбаев және Жыныс ата көшелері |
| 3 | 724 уск | Жыныс-1 учаскесі<br>«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Болашақ бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | Таукент кенті | І.Кеңесбаев | 135 | Ш.Бекжанов, С.Тойшыұлы және Қ.Тоқмұхамедов көшелері |

**БЖЗҚ**

# Сұрақыз, жауап береміз

***-Сәлеметсіз бе! Қазір мен бала күтімі бойынша декреттік демалыста жүрмін. Еңбекке жарамды уақытымның барлығында мен ресми түрде жұмыс істедім, тиісінше, жарналарым да БЖЗҚ-ға жүйелі түрде аударылып отырды. Айтыңызшы, мен жұмыс істемеген уақыт ішінде мен үшін зейнетақы жарналары төлене ме, төленетін болса, оларды кім аударып отырады?***

-Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның1 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) қосымша белгіленеді.

Субсидиялау қағидаларының2 2-тарауының 4-тармағына сәйкес БЖЗҚ-да МЗЖ субсидиялау бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алушылардың пайдасына ай сайын бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Яғни ай сайын, бала бір жасқа толғанға дейін анасының жеке зейнетақы шотына МЗЖ бюджет қаражаты және МӘСҚ қаражаты есебінен мемлекеттік корпорация 3 арқылы аударылатын болады.

Субсидиялау кезінде әйелдердің зейнетақы аударымдарының мөлшері МӘСҚ-дан бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер алған бүкіл кезең ішінде төмендетілмейді және бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем мөлшері есептелген әйелдің табыс мөлшері ескеріле отырып сақталады.

Яғни МЗЖ мөлшері декреттік демалысқа шыққанға дейін белсенді еңбек қызметі кезеңінде алатын табысынан 10% деңгейінде сақталады. Осылайша, 10% жарна мыналарды қамтиды:

4% - бала күтімі бойынша төлемдерді жүзеге асыратын МӘСҚ-дан (МӘСҚ жарналары);

6% - республикалықбюджеттен (субсидия).

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Алқапқа абай болайық!

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді.

Қазіргі уақытта тамыздың шыжыған күндерінде көптеген жеке азаматтар ыстықтап, ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап,ондағы өсіп - өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

***Асхат ТҰРМАХАНОВ,***
***Созақ орманшылығының орман күзетші-қорықшысы.***

# Дала, орман өрттерінен сақ болайық!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары бәрімізге белгілі, дала орман өрттері табиғи немесе жасанды болуы мүмкін.

Табиғи дала орман өрттері найзағайдың әсерінен, күннің қатты яғни 40-45 Сқ ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;

Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнділікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде және шаруашылық иелерінің ауыл шаруашылық техникаларында өрт қауіпсіздігін сақтамау, сегебі от басқышсыз жүруінен пайда болуы мүмкін. Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;

Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс;

Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп ортадан бір өрт сөндіру арналған соқалы тракторлы кезекшілікке қою шараларын ұйымдастыру қажет;

Дала, орман өрттерінің алдын алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап, орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз ітілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек;

Бидай немесе шөп ору науқанында желді күні ору жұмыстарын тоқтатуын қамтамасыз ету қажет;

Егерде былтырғыдай ауыз біршілікпен осы аталған міндеттерді бірге атқарсақ, 2022 жылы да орман және дала алқаптарын, кереметтей табиғатымызды тілсіз-жаудан сақтап қаламыз деп сенемін.

***М.ӨСКЕН,***
***Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.***

«№1 колледж» МКҚК әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті осы мекеменің кураторы Толеубеков Жолдасқа әпкесі

**Тұрашова Ұлбосын Жұмашовнаның**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«№1 колледж» МКҚК әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті осы мекеменің жұмысшылары Самидинова Мадинаға және Самидинова Камилаға анасы

**Самидинова Бибимарианың**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Педагогикалық білімі бойынша жұмыс іздеушілердің назарына!

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі, педагогикалық білімі бойынша жұмыс іздеп жүрген аудан тұрғындары мен ауданға келіп жұмыс іздеушілердің назарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 432 бірлескен бұйрығына сәйкес «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы бекітілгені және педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа тәртібі айқындалды. Оқушы саны 180 баладан асатын жалпы орта мектептер, барлық бос және (немесе) уақытша бос лауазымға мемлекеттік білім беру ұйымы конкурс өткізеді.

Конкурс аптасына 16 сағат және одан да көп сағат оқу жүктемесі бар педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына өткізіледі.

Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беруді басқару органының Интернет-ресурсында және (немесе) әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында (Facebook парақшаларында) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;

2) конкурсты өткізу күні мен орнын айқындау және конкурстық комиссияны қалыптастыру;

3) конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау;

4) кандидаттар құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;

5) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Осы көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар оқушы саны 180 балаға жетпейтін шағын жинақты жалпы орта мектептері, балабақшалар және қосымша білім беру ұйымдары бос орындарына (уақытша бос орындарға) педагог мамандарды және техникалық персоналды қабылдауды (Jumys.sna-tion.kz) порталы арқылы жүзеге асырылады.

Толығырақ ақпарат алу үшін 4-15-66, 4-22-21 байланыс нөмеріне хабарласуға болады.

***Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі.***

# КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ ҚЫЗБАСЫ

Конго-қырым қанды қызбасы (немесе көкала деп аталады) – табиғи ошақты вирустық аса қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру кененің шағуы арқылы немесе ауру адамнан сау адамға жұғады. Адамдарға кененің шағуы арқылы жұғады. Бұл ауру көктем, жаз мезгілдерінде көбірек кездеседі. Кене қансорғыш жәндіктердің қатарына жатады. Көктем, жаз мезгілдерінде өсіп-өнуі үшін аса белсенділік танытып, жануарларға, сонымен қатар төрттүлік малға және адамға қан сору үшін шабуыл жасайды.

Адам денесіне кене білдірмей және ауыртпай терінің жұмсақ жеріне жабысып қан сорады. Кене Конго-қырым қанды қызбасы ауруы қоздырғышының негізгі тасымалдаушысы болып табылады. Кене ұрпақтан-ұрпаққа осы қоздырғыштардың тұқымын сақтап, таратып отырады. Сондықтан адам жеке бастың тазалығын сақтамай, кенені қолымен алып, езген жағдайда және қой қырқымы кезінде кененің қаны шашырап жұғуы мүмкін.

Аурудың белгілері кене шаққаннан кейін 2-7 күн ішінде білінеді. Науқас адамның дене ыстығы 39-400 С – градусқа дейін көтеріледі. Басы, буындары қатты сырқырап ауырады. Көзі мен тамағы қызарады, тамаққа тәбеті болмайды. Аурудың 2-5 ші күндері мұрыннан, асқазан ішектен, әйелдердің жатырынан қан кетеді, науқастың денесі бөртеді. Қол мен терінің қатты басқанда немесе ине шаншығанда қанталап, көгеріп кетеді. Науқас адам дер кезінде дәрігерге көрінбесе, ауру асқынып, өліп кетуі де мүмкін, сонымен қатар қасындағы адамдарға да жұқтырады.

Сақтандыру шаралары:

- Кенені қолмен ұстауға болмайды, қолмен кенені езбеу керек;
- Кене шаққан жағдайда өсімдік майын тамызып, кенені қысқышпен ұстап, оны отқа жағу керек;
- Мал қорадан келген соң, киімдерді қағып, оны мұқият қарап шығу керек;
- Малға қарағанда арнайы сақтану киімдерді (қолғап халат, шалбар) киген дұрыс;
- Кене шаққан жерін иод ерітіндісімен сүрту керек;
- Қой қырқымы кезінде қолға қолғап, үстіңізге арнайы киім киген жөн;

Кенеге қарсы бүрку, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу керек, яғни Конго-қырым қанды қызбасы ауруына алдын алу мақсатында ірі қара, жылқы, түйелерге–бүрку, қой мен ешкілерге тоғыту, ал үй іргелік қора-жайларға дезинсекция, дезинфекциялау жұмыстарын міндетті түрде жыл сайын жасатып тұру қажет.

Кенеден сақтанып жүрейік ағайын!

***А.УТЕПОВ,***
***ҚР АШМ ВБжҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.***

**БЖЗҚ**

# 1,7 миллионнан астам өтінішті орындады

2022 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша 2021 жылдың қаңтарынан бері БЖЗҚ салымшылардың (алушылардың) тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану туралы 1328 015 өтінішін орындады. Уәкілетті операторбанктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ 3,1 трлн теңгеден астам қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы–2,4млн теңге.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (17,60%), Нұр-Сұлтан қаласының (14,03%), Маңғыстау облысының (10,35%) тұрғындары тарапынан жолданған. «Көрсеткіштер» бөліміндесалымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат жарияланған. Мұндай ақпарат өңірлер бөлінісінде де берілген (шағын бөлімшелері).

Бұл ретте, банк біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларын өтініш берушінің (алушының) арнайы шоттарына есептелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде олардың нысаналы мақсаты бойынша біржолғы зейнетақы төлемдерін аудармаса, Уәкілетті операторға растаушы құжаттар белгіленген мерзімде берілмеген жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылады.

***«Созақ үні»-ақпарат.***

# Тұғырың биік туған ел

**Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай, облыстың аудан, қала ардагерлері арасында «Жыр жауһарлары» атты облыстық жыр мүшайрасы байқауына Созақ ауданында тұратын ақын ардагерлерде өз үміттерін үкілеген еді. Бүгін сол аталмыш байқаудың талабына сай жүрекжарды шығармаларын аудандық ардагерлер кеңесіне жолдаған ақын ағаларымыз бен әпкелеріміздің толымды жырларын аудан жұртшылығының назарына ұсынып отырмыз.**

***«Созақ үні» газеті.***

* * *

## Тұғырың биік туған ел

*Көшіңді түзеп, бірлігін бекем ширатып,*
*Сірескен сеңнің мұз құрсауларын қиратып.*
*Төрт құбылаңды шаттыққа бөлеп жатырсың,*
*Шұғыла шашқан шаңырақ толы бақыт.*

*Еркіндік дейтін жүрекке ұғым бар,*
*Қуаныш кернеп, желбіреп көкке тұлымдар.*
*Кеңейіп өріс, кереге жайған шақта бір,*
*Бекемдеп алған бірліктің паркын ұғындар.*

*Несібе зор ғой, шуға боп жауып көктен бір,*
*Ақ пейіліңе қазағым мынау жеткен нұр,*
*Жаңғырып жатыр, жазира далам жарқырап,*
*Мерейің үстем, айбарың асып, өктем тұр.*

*Томаға тұйық қалыптан шықтың сілкініп,*
*Көш керуенің көрмеген әсте іркіліп,*
*Күлімдеп күні, арайлап таңы атқанда,*
*Самғаудың сара жолына түстің жұлқынып.*

*Асқақтап тұрсың, айдардан міне жел ессін.*
*Құшағың ашық, мейірімге кенде емессің,*
*Бетеге біткен белдерің ғажап құлпырып,*
*Азуы қарыс алпауыттармен теңестің.*

*Елімнің ерен үлесі мол ғой ат, тоннан.*
*Байлығың байтақ, алынды солай жат қолдан,*
*Қазына қарты келелі кеңес бергенде,*
*Ынтымақ артып, еліме мынау бақ қонған.*

*Көңілдің күйін көрікті оймен желпінтіп.*
*Еліне деген ерен ұлдардың сертін күт.*
*Ғасырлар бойы аңсаған арман ағайын,*
*Қолыңа қонды, Әлихан күткен еркіндік.*

*Қажымас қайрат, жүректің отын жандырып.*
*Айналып жатса, айшықты іске таңғы үміт,*
*Тұғыры биік туған ел сенің айбарың,*
*Көк туың көкте желбіреп тұрсын мәңгілік.*

***Тілеубек ЫБЫРАЙЫМОВ,***
***Қарақұр ауылы.***

* * *

## Алалық бар

*Көрдің бе, асау толқын өмір өзен,*
*Пәниде тоқтамайтын біз керуен.*
*Өмірдің құдіретін терең түсін,*
*Кімге опа әпереді өзеуреген.*

*Бір жан бар сүйсінетін жаныңменен,*
*Баурайды болмысыңды арыменен.*
*Бір қартқа кейде жаның түршігеді,*
*Менінде сол шіркінге барым бөтен.*

*Бір қарт бар ойы терең салиқалы,*
*Сөйлессең тапқандайсың қазынаны.*
*Біреуді сәл көрмесең сағынасың,*
*Жүздесуге біреумен жалығасың.*

*Жастар бар жадыратар, жаныңды ұғар,*
*Даналар ел болмаса, қайдан шығар.*
*Өткеннің өсиеті жыдымда әлі,*
*Желеп-жебеп қолдап жүр болып тұмар.*

*Жүздессең біреуменен ойы терең,*
*Сөзінен бал татыған бақыт көрем.*
*Көңілің көтерілер көкке өрлеп,*
*Ойхой өмір, ғажап ең сен не деген.*

*Көк бұлттар, қара бұлттар, ала бұлттар,*
*Жерде де байқайсың ба алалық бар.*
*Біреуде қартта болса, шалалық бар,*
*Біреуде жас та болса, даналық бар.*
*Дана қартта сезім бар, соны алып қал.*

***Пернебай ӨТЖАНҰЛЫ,***
***Қыземшек ауылы.***

* * *

## Біз Созақтықтармыз!

*Біз Созақтықтармыз!*
*Еңбекпен адал күн кешкен.*
*Мыңжылқы сынды биікпен ғана үндескен.*
*Жерұйық жерім қойнауы толған қазына,*
*Келеміз еріп мұң-қайғы бір сәт білместен.*
*Тіршілік нәрі жетеді дархан даламда,*
*Заманның мына ағымыменен бір көшкен.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Нәубет те сәулет көргенбіз,*
*Жібек жолының жалғауы болған жерденбіз.*
*Шертпе күйдің Отаны осы кең далам,*
*Созақта баулып қазаққа бәрін бергенбіз.*
*Қақ жарып жатқан терісқей күнгей екі елді,*
*Қаратауы бар қасиетті үлкен жерденбіз.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Азаматым көп жалындар,*
*Танымасаңдар құлағдар бұдан болыңдар.*
*Сан баптар елі Ысқақ бап, Қарабураға,*
*Түсе бір қалса Шашты Әзіз әулиеге қонындар.*
*Алпамыс батыр анасы бұнда түнепті,*
*Жаратушы Алла тілектеріңді орындар.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Мақтануға шүкір хақым бар.*
*«Аллаху» деген партия қойған атым бар.*
*Төлеген, Тәкен, Фатима, Асқар, Сәуірбек,*
*Жетеді бізде жазушы, күйші, ақындар.*
*Шұбат пен қымыз жусан иісті жал-жая*
*Қонағым болып сенбесеңіздер татыңдар.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Топырағы күміс, тасы алтын,*
*Үлесіміз көп Егеменді елге қосар тың.*
*Жаңа Қазақстаным гүлденіп, жайнап келешек,*
*Деймiз Созақтықтар көркейіп, өсіп жасарын.*
*Баянды бақтың берекесін көріп өз халқым,*
*Ерен еңбегімен көрінсін ұлдар басы алтын.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Асау заманды құрықтар,*
*Жетеді бізде елжанды әкім, ұлықтар.*
*Бәрі де елдің жағдайын ойлар жанашыр.*
*Ақыл-ойлары, абыройлары тұнықтар.*
*Несібеміз мол далиған дархан даламда,*
*Мыңғырып жатқан қасиетті төрт түлік бар.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Дұрысты ашық дұрыс дер,*
*Елжанды ұрпақ ырысты ел.*
*Егеменді елдің тілеуін тілеп қамбаға,*
*Молынан құяр кірістер.*
*Ертеңімізге күмәнсіз сенген халқымыз,*
*Келешегімді алға бастайтын ұлы істер.*
*Біз Созақтықтармыз!*
*Өсіп-өнген еліміз өренім,*
*Адал нан болған керегім.*
*Жақсылыққа жасар жақсылық,*
*Ізгіліктен туған дерегім.*
*Еуропалық екі ел бізге сыятын,*
*Паш етем жердің көлемін.*

***Төлеген КӘРІБЕКОВ,***
***Шолаққорған ауылы.***

* * *

## Ардагерлерім

*Санада қазір.. сан сұрақ толып,*
*Түйсікті тербер, тамшылап қонып...*
*Жауабын нұсқап, жол сілтер ізгі,*
*Ардагерлерім-шамшырақ болып!*

*Елдің ортасы... табылдың көпте,*
*Сылтау айтпастан «шағылдым» деп те...*

*Жастарға ылғи үлгі көрсетер,*
*Ардагерлерім-алдыңғы шепте!*

*Бейнесі-сынды жыл құстарының,*
*Зердеге құйған ізгі ұстанымын.*
*Қоғамға мынау көшбасшы болған.*
*Ардагерлері Түркістанымның!*

*Елдікті ойлау-теріс пе екен?!*
*Етпекші ұлттық өрісті бекем...*
*Ардагерлерім-қозғаушы күш қой,*
*Басшысы мықты-Жеңісбек көкем!*

*Ұрпақ-үлкеннің тобына серік,*
*Ата-дәстүрдің жолына берік.*
*Ақылын тыңдау, істерін жалғау,*
*Ардагерлердің соңынан еріп!*

*Үлкенсіз халық ұтпасын ұққын,*
*Таяныш, тірек, тұтқасы жұрттың.*
*Ел менен жердің ырыс пен құты,*
*Ардагерлерім-ұйытқысы ұлттың!*

*Жырласақ дұрыс талпап өлеңмен,*
*Ылғи да «Алға, Алға!»-дегенмен,*
*Мына бүгінгі таңда дегенмен,*
*Мемлекет мықты Ардагерлермен!*

***Тұмартай ДІНТАЙҰЛЫ,***
***Жартытөбе ауылы.***

* * *

## Кимешек деген ілім екен ғой..

*Кимешек кимеген келіншек шағым,*
*Түсімде жылап жүр менің.*
*Өзгеше өрлер ме ед баяным-бағым,*
*Оралса сонау күндерім?*

*Еліктей едік, еркіндеу жүрдік,*
*Есею әлі ерте деп...*
*Оралы бар да ойнап та күлдік,*
*Алаңсыз күйде еркелеп.*

*Жапырақ жаулық басыма салмай,*
*Сән көріп ашық-шашықты.*
*Тәрбие түбін ойыма алмай,*
*Басымнан бағым қашыпты.*

*Ибалы ұяң қазақтың қызы,*
*Елтімес едік өзге іске.*
*Үйірлі неге азаптың күзі,*
*Жат сұрақ қайдан кездесті?*

*Тәрбие деген тал-бесік десек,*
*Жат болды неге орамал?*
*Үйір болып қасыңа әңгіме, өсек,*
*Кез келді тозып-тоналар.*

*Ақ жаулық салып, кимешек киген,*
*Ұяты тұнып жасырын.*
*Дәстүрін түйіп, салтын да сүйген,*
*Аналар өтті-ау, асылым,*

*Жалаңбас үйден аттап баспайтың,*
*Төгіліп көйлек бүрмелі.*
*Бір ауыз сөзбен тыйым тастайтын,*
*Қымта деп ұят іргені,*

*Тазалық-иба сақтаған еді,*
*Келіншек киген кимешек.*
*Музейде ғана сақталар енді,*
*Әже боп қазір кимесек?*

*Ілім екен ғой кимешек деген*
*Тәрбие-терең теңізі.*
*Адасып тағы күймесек екен,*
*Тура жол тілек негізі?*

*Өзгеше өрлер ме ед баяным-бағым*
*Оралса сонау күндерім?*
*Кимешек кимеген келіншек шағым,*
*Түсімде жылап жүр менің...*

***Гүлнәр ӨМІРБЕК,***
***Шолаққорған ауылы.***

Сенімгерлік басқарушы:
**"Agro-sozak" ЖШС**
**Меншік иесі-**
**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**
**Жауапты хатшы: Мақсат Қарғабай**
**Редакция құрамы-**
Аға тілші-
**Нұржамал МАЙУСОВА**
Тілшілер-
**Данияр БЕКОВ**
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**
Дизайншы-
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**
Терімші-
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.**
Газет редакцияның компьютер орталығында терілiп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
***Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы***

**Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады**
**Индекс 64450**
**Редакцияның мекен-жайы:** *161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97*
А-ақысы төленген

**тапсырыс №**
таралымы -
**4000 дана**
**Кезекші редактор:**
М.Қарғабай.
А-